

Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті
Әлеуметтік-гуманитарлық ғылымдар факультеті
Оқу-әдістемелік комитет мәжілісінің
№ 8 хаттамасы

Түркістан қаласы

11.04. 2025 ж.

Қатысқандар: Факультет деканы А.Куралбаева, Оқу-әдістемелік жөніндегі декан орынбасары Р.Хазретәліқызы, Ғылым және тәрбие жөніндегі декан орынбасары Қ.Қабекеева, әдіскер Р.Егенова, «Тарих» кафедрасы меңгерушісінің м.а. А.Джумадуллаева, «Педагогика және психология» кафедрасының меңгерушісі А.Тасова, «Журналистика» кафедрасы меңгерушісінің м.а. Б.Баешова, «Мектепке дейінгі және бастауышта білім беру» кафедрасының меңгерушісі А.Рысбекова, факультеттің сапа төрағасы Ж. Шалабаева және факультеттің Оқу-әдістемелік комитет төрағасы Р.Хазретәліқызы және факультеттің оқу-әдістемелік комитет хатшысы А. Жарылқасынова

Күн тәртібінде

1. 2025-2026 оқу жылына білімгерлерді қабылдау жоспарын талқылау
2. ББ білімгерлердің контингентін қалыптастыру, талапкерлерге кәсіби бағдар беру іс-шаралары туралы
3. Білім алушылардың 2025-2026 оқу жылына пәнге тіркелуін ұйымдастыру.
4. ББ оқу-танымдық, кәсіби, зерттеу, педагогикалық, диплом алды т. б. практикаларының бекітілген талаптарға сәйкес ұйымдастырылуы туралы
5. Әр түрлі мәселе

Бірінші мәселе бойынша Оқу-әдістемелік жөніндегі декан орынбасары Р. Хазретәліқызы факультет кафедраларының ұсыныстары негізінде дайындалған 2025–2026 оқу жылына арналған білімгерлерді қабылдау жоспары туралы баяндады. Жоспар бойынша: бакалавриат деңгейінде 6 білім беру бағдарламасы бойынша – 110 студент, магистратура деңгейінде 4 білім беру бағдарламасы бойынша – 35 студент, докторантураға – 10 студент қабылдау көзделген. Жалпы қабылданатын талапкерлер саны 155 адамды құрайды. Ұсынылған жоспарды бекіту үшін университет Сенатына ұсыну қажеттілігі атап өтілді. Мәжіліс мүшелері жоспарды толық қолдап, бірауыздан дауыс берді.

Шешім 1.1: 2025-2026 оқу жылына білімгерлерді қабылдау жоспары бекіту үшін университет Сенатына ұсынылсын (жауапты: кафедра меңгерушілері).

Екінші мәселе бойынша «Тарих» кафедрасы меңгерушісінің м.а. А.Джумадуллаева ББ білімгерлерінің контингентін қалыптастыруда кафедра тарапынан әлеуметтік желілілер арқылы тұрақты түрде жұмыс жүргізіліп жүргендігін сөз етті. «Педагогика және психология» кафедрасының меңгерушісі А.Тасова университет тарапынан ұйымдастырылатын «Ашық есік» күндерінде кафедрадағы профессор-оқытушы құрамның кәсіби бағдар беруде белсенді жұмыс жасайтындығын атап өтті. «Журналистика» кафедрасы меңгерушісінің м.а. Б.Баешова кафедрадағы қоғамдық жұмыстарда белсенділік танытып жүрген ПОҚ-тар мен белсенді студенттердің бірлесе өткізілетін семинарлары, кездесу кештері және журналистік бағдарламалары талапкерлердің Журналистика мамандығына қызығушылық тудыратындығын айтты. «Мектепке дейінгі және бастауышта білім беру» кафедрасының меңгерушісі А.Рысбекова мектептердің бітіруші түлектерімен кездесу ұйымдастырылып, оларға кәсіби бағыт-бағдар берілетіндігін және университеттің танытым материалдары таратылатындығын айтты.

Шешім 2.1: ББ білімгерлердің контингентін қалыптастыру, талапкерлерге кәсіби бағдар беру іс-шараларының тұрақты іске асырылуын қадағалау кафедра меңгерушілеріне жүктелсін (жауапты: кафедра меңгерушілері).

Үшінші мәселе білім алушылардың 2025-2026 оқу жылына пәнге тіркелуін ұйымдастыру бойынша сөз алған Оқу-әдістемелік комитет төрағасы Р. Хазретәліқызы 2025-2026 оқу жылына пәнге тіркелу барысы туралы баяндады. Ол Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті Сенатының 2024 жылғы 25 маусымдағы №11 хаттамасында бекітілген 2024-2025 оқу жылына арналған академиялық күнтізбе негізінде пәнге тіркелу жұмыстары жүргізілгенін атап өтті. Атап айтқанда, бакалавриаттың 1-3 курс студенттері мен магистратураның 1-2 курс білім алушылары 2025 жылдың 7-12 сәуірі аралығында пәнге тіркелді. Сонымен қатар, пәнге тіркелу бойынша дайындалған құжаттар талаптарға сәйкес әзірленіп, тиісті түрде тапсырылғаны баяндалды.

Шешім 3.1: Білім алушылардың 2025-2026 оқу жылына пәнге тіркелуін ұйымдастыру деңгейі қанағаттанарлық деп есептелінсін.

Төртінші мәселе бойынша ББ оқу-танымдық, кәсіби, зерттеу, педагогикалық, диплом алды т. б. практикаларының бекітілген талаптарға сәйкес ұйымдастырылуы турады Оқу-әдістемелік жөніндегі декан орынбасары Р.Хазретәліқызы келесі мәліметтерді баяндады. Ұйымдастыру тәртібі бойынша дипломдық және тәжірибелік жұмыстар бекітілген талаптарға сәйкес жүргізілді. 2024-2025 жылына бекітілген академиялық күнтізбеге сәйкес 2-курс студенттері 27.01.2025-08.02.2025 жыл аралығында психологиялық-педагогикалық практика, өндірістік практикадан өтті. 13.01.2025-08.02.2025 жыл аралығында 3-курс білім алушылары педагогикалық және II-өндірістік практикалардан өтті. 4-курс студенттері өз кезегінде өндірістік-педагогикалық практика және III-өндірістік практикадан 03.02.2025-29.03.2025 жыл аралығында өтті.

«М001-Педагогика және психология (7М01101- Педагогика және психология)», «М003-Пәнсіз мамандандырылған педагогтерді даярлау (7М01303-Бастауышта оқыту педагогикасы мен әдістемесі)», «М053-Тарих және археология (7М02210-Тарих)» БББ бойынша 2-курс магистранттардың педагогикалық практикасы 10.02.2025-08.03.2025 аралығында өтті. Әлеуметтік-гуманитарлық ғылымдар факультетінің 1-ші оқу жылының докторанттары 20.01.-29.03.2025 жыл аралығында педагогикалық практикадан, сонымен қатар 20.01.2025-22.02.2025 аралығында зерттеу практикасынан өтті. Аталған барлық практика түрлерінің құжаттары белгіленген талаптарға сәйкес рәсімделіп, комиссия тарапынан лайықты бағасын алды.

Шешім 4.1: 4. ББ оқу-танымдық, кәсіби, зерттеу, педагогикалық, диплом алды т. б. практикаларының бекітілген талаптарға сәйкес ұйымдастырылды деп есептелінсін.

Факультеттің Оқу-әдістемелік
комитет төрағасы

Хатшысы

Р.Хазретәліқызы

А.Жарылқасынова